

Карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 мамырдағы N 124 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 10 маусымда N 7-8-110 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 шілдедегі N 152 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2010.07.15 N 152 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағы 18 тармақшасын, "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағы 9 тармақшасын басшылыққа алып, Казталов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2010 жылы 31 мамырдағы №408 ұсынысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Казталов ауданы Қошанкөл ауылдық округінде ірі қара малынан қарасан ауруы шығуына байланысты және ауру ошағы деп танылғандықтан Қошанкөл ауылдық округінің Қошанкөл ауылы аумағына карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринарлық режимін белгіленсін.

2. Карантиннің шарттары бойынша шараларды жүзеге асыру Қошанкөл ауылдық округінің әкімі А. Н. Шамуратовқа және Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Казталов аудандық аумақтық инспекциясының бастығы А. Малаховқа (келісім бойынша) тапсыру ұсынылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап он күннен кейін қолданысқа енгізілсін.

4. Қаулының орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Аудан әкімінің

міндетін атқарушы

Н. Құтхожин

КЕЛІСІЛДІ:

ҚР Ауылшаруашылығы Министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешеніндегі
мемлекеттік инспекциясы

комитетінің Казталов аудандық
аумақтық инспекциясының бастығы

_____ Малахов Арген Сәбитұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК